ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 19 караша №5165-24-00-2/2514 іс Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья К.С.Чингиспаева,
сот отырысының хатшысы А.Амиркулованың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түркістан облысының білім басқармасының «Арыс қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «ИБРАГИМ» Гулшат Тажихаловна Тогимова

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАН:
прокурор С.Сейілханов
талап қоюшының өкілі Е.Адилбеков
жауапкердің өкілі А.Жексенбаев

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 14 маусымда Түркістан облысының білім басқармасының «Арыс қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – талап қоюшы, тапсырыс беруші) мен дара кәсіпкер «ИБРАГИМ» Г.Т.Тогимова (бұдан әрі – жауапкер, орындаушы) арасында №139 санды электронды түрде құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шарты (бұдан әрі - шарт) түзілген.

Шарттың талаптарына сай орындаушы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес Арыс қаласының Қаражантақ ауылындағы Б. Кенжебаев атындағы

мектептің фасадын ағымдағы жөндеу жұмыстарын орындауға міндеттеме алған.

Шарттың №1,2 қосымшаларына сай орындаушы 14 963 369 теңгеге жұмыстарды келісім шарт күшіне енген күннен бастап 45 күн ішінде орындауға міндеттенген.

2024 жылғы 17 маусымда шарт қазынашылықтың аумақтық органында тіркеліп, жауапкермен 448 901 теңге көлеміндегі шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы төленген.

2024 жылғы 9 тамыздағы №240161/00/1 орындалған жұмыстар актісі бойынша жауапкермен 7 481 684,50 теңгеге жұмыстар орындалып, талап қоюшымен қабылданған.

Тапсырыс берушімен орындаушыға орындалған жұмыстар ақысы 7 481 684,50 теңге 2024 жылғы 12 тамызда төленген.

Талап қоюшы сотқа талап қоюмен жүгініп, онда жауапкер жұмыстарды тиісінше орындамай, өз міндеттемелерін орындамағаны үшін, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және 254 377,19 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Жауапкер жазбаша қарсы пікірінде талап қоюмен келіспей, жобалау сметалық құжаттама нақты шарт бойынша орындалатын жұмыстарға сай келмейтіні туралы тапсырыс берушіге хабарланғанымен, соңғының тарапынан жауап берілмеген. Ал, шарттың талаптарымен қандай-да бір жұмыстар көрсетілмеген жағдайда тапсырыс беруші қосымша қаражаттандыру мен сметалық құжаттамаға қосымша жұмыстарды енгізу мәселесі шешілмей жұмыстарды орындауға мүмкін болмаған себебінен талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Талап қоюшының өкіл Е.Адилбеков талап қоюды қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі А.Жексенбаев талап қоюды мойындамай, қарсы пікірдегі уәждері бойынша талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор талап қоюды ішінара қанағаттандыру жайлы қорытынды берген.

2024 жылғы 19 қарашадағы сот ұйғарыммен талап қоюшының жауапкерден 254 377,19 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 279-бабының 1) тармақшасына сай осы бөлігінде қараусыз қалдырылған.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі - АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттарымен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 27.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 27.12.2024, судья Рыскулбеков К. О., 30.12.2024
5165-24-3-1/2597

АК-нің 392-бабының 1,2-тармақтарына сәйкес сот шарт ережелерін түсіндірген кезде ондағы сөздер мен сөйлемдердің сөзбе-сөз мәні ескеріледі. Шарт ережесінің сөзбе-сөз мәні түсініксіз болған ретте ол бүкіл шарттың басқа ережелерімен және мағынасымен салыстыру арқылы анықталады.

Егер осы баптың бірінші тармағындағы ережелермен шарт мазмұнын анықтау мүмкін болмаса, шарт мақсатын ескере отырып тараптардың шын мәніндегі ортақ еркі анықталуға тиіс. Бұл орайда шарт жасасу алдындағы келіссөздер мен хат жазысуды, тараптардың өзара қатынастарында орныққан тәжірибені, іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарды, талаптардың бұдан кейінгі мінез-құлқын қоса алғанда, тиісті мән-жайлардың бәрі ескеріледі.

АК-нің 393-бабының 1-тармағына сай тараптар арасында шарттың барлық елеулі ережелері бойынша тиісті жағдайларда талап етілетін нысанда келісімге қол жеткен кезде шарт жасалды деп есептеледі.

Шарттың мәні туралы ережелер, заңдарда елеулі деп танылған немесе шарттардың осы түрі үшін қажетті ережелер, сондай-ақ бір тараптың мәлімдеуі бойынша келісімге қол жеткізуге тиісті барлық ережелер елеулі ережелер болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V ҚРЗ Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 46-бабына сай мемлекеттік сатып алу туралы шарт тапсырыс беруші мен өнім беруші оған қол қойғаннан кейін күшіне енеді. Егер мемлекеттік сатып алу туралы шарт тіркелуге жататын болса, ол Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелгенінен кейін күшіне енеді.

Аталған заңның талаптарына сай шарт 2024 жылдың 17 маусымнан бастап күшіне енген. Көрсетілген мерзімнен бастап жауапкердің шарт талаптарын орындау бойынша міндеттемелері туындады.

Шарттың 2.1-тармағының талаптарына сай орындаушы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмысты орындауға міндеттенеді, ал тапсырыс беруші орындалған жұмысты қабылдауға және орындаушы шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін осы Шарттың талаптарында ақы төлеуге міндеттенеді.

Шарттың №2 қосымшасында мектептің фасадын ағымдағы жөндеу жұмыстары техникалық сипаттама көрсетілген.

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 27.11.2024
Заңды күшіне енген күні: 27.12.2024, судья Рыскулбеков К. О., 30.12.2024
5165-24-3-1/2597

Сотта анықталғандай, орындаушы жалпы 14 963 369 теңгеге Арыс қаласының Қаражантақ ауылындағы Б. Кенжебаев атындағы мектептің фасадын ағымдағы жөндеу жұмыстарын келісім шарт күшіне енген күннен - 2024 жылғы 17 маусымнан бастап 45 күн ішінде, яғни 1 тамызда дейін орындауы тиіс.

Істің құжаттарынан жауапкер конкурсқа қатысқан уақытта техникалық ерекшелікте көрсетілген және жобалау сметалық құжаттама талаптармен танысып, осы талаптармен келісіп, шартқа қол қойғаны анықталады.

Сондықтан, жауапкердің жұмыстар сметалық құжаттамаға сай келмеген себебінен міндеттемелерін тиісінше орындауға мүмкін болмағаны туралы уәжін негізсіз деп табады.

Бұл ретте, жауапкер шартқа қол қойған уақытта, осы шартпен белгіленген талаптарын шарттың қосымшасымен анықталатын біле тура келіскен, сондықтан міндеттемелерін толық орындауы тиіс.

Алайда, көшпелі сот отырысын жүргізу барысында анықталғандай жауапкер шарт бойынша міндеттемелерінің 7 481 684,50 теңгеге жұмыстарды орындап, яғни шартпен белгіленген жұмыстарды тиісінше орындамаған. Аталған мән-жай тараптардың сотта берген түсініктерімен және ұсынылған құжаттарымен бекиді.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады және қанағаттандыруға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Түркістан облысының білім басқармасының «Арыс қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «ИБРАГИМ» Гулшат Тажихаловна Тогимова мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «ИБРАГИМ» Гулшат Тажихаловна Тогимовадан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге, АПК-нің 403,404-баптарының талаптарын сақтай отырып шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 27.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.12.2024, судья Рыскулбеков К. О., 30.12.2024

қатыспаған тұлғалармен өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шағым, прокурормен өтінішхат берілуі (келтірілуі) мүмкін.

Судья **К.С.Чингиспаева**

Құжатқа қол қойылған: Чингиспаева К. С., 27.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.12.2024, судья Рыскулбеков К. О., 30.12.2024

5165-24-3-1/2597